

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ



**«ЗАМАНАУИ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ  
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТҮЛЕКТІҢ  
ҚҰЗЫРЕТТІК ҮЛГІСІ»**

атты XLIII ғылыми-әдістемелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қаңтар 2013 ж.

2-кітап



**МАТЕРИАЛЫ**  
XLIII научно-методической конференции  
**«КОМПЕТЕНТНОСТНАЯ МОДЕЛЬ  
ВЫПУСКНИКА В СИСТЕМЕ  
СОВРЕМЕННОГО НЕПРЕРЫВНОГО  
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

17-18 января 2013 г.

Книга 2

Алматы 2013

<b>Әмірханов М.Б.</b> Шетелдік студенттермен ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарының маңызы	146
<b>Базарбаева Т.А., Таныбаева А.К.</b> Жастардың экологиялық тәрбиесі – тұрақты даму негізі	149
<b>Байшукурова А.К., Басыбекова К.Е., Дуйсенбеков Д.Д., Сатыбалдина Н.К.</b> Психологическая составляющая компетентностного подхода в образовании	151
<b>Байзакова Н.О., Модахметова А.Ш., Бақаев Б.К.</b> Студенттер жастар арасында тоғызқұмалақ ойынын өркендету	153
<b>Баяндинова С.М., Ишанғалиева С.</b> Клубные объединения как фактор самореализации студентов в современных условиях	157
<b>Бейсенов Б.Қ.</b> Зайырлы білім беру жүйесіндегі жастарға рухани тәрбие берудің әдіснамалық негіздері	161
<b>Бимендиева Л.А., Тулешова Г.Б.</b> Инновациялық білім беруді қаржыландырудың шетелдік тәжірибесі және ынталандыру жолдары	165
<b>Бияздықова К.Ә., Мұханбет Ә.А.</b> Тәрбие тілден бастау алады	168
<b>Велитченко С.</b> Роль эдвайзера в реализации проблемно-личностного обучения	172
<b>Дүйсебаева К.Ж., Ақашева Ә.С., Зұлпыхаров К.Б.</b> Жоғары оқу орындарында тәрбие беру жұмысының ерекшеліктері	174
<b>Дүйсебаева К.Д., Абдығалиева С.С., Ақашева А.С.</b> Роль куратора в системе учебно-воспитательной работы со студентами	177
<b>Ельбаева З. У., Шнарбекова М.Қ.</b> Әлеуметтік жаңғыру жағдайында болашақ мамандар бойында еңбек құндылығын қалыптастыру өзектілігі	180
<b>Жолтаева К.Ж., Құрманалиева Г.</b> Отбасының этикалық-моральдық құндылықтары	183
<b>Касен Г.</b> Применение воспитательных технологий в системе высшего образования	187
<b>Канафьева Ш.Е.</b> Әлеуметтік-мәдени орта қалыптастырудағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары	190
<b>Қасымова Р.С.</b> Студент жастарымен ұйымдастырылатын патриоттық тәрбие жұмыстарының маңызы	193
<b>Кунанбаева М.Н., Жубаназарова Н.С., Токсанбаева Н.К.</b> Профессиональное становление и эмоциональная зрелость выпускника современного ВУЗа	195
<b>Курманова Т.В., Сапронов И.И.</b> Взаимосвязь образовательных и воспитательных целей при обучении студентов-иностранцев	199

рін сақтап, ардақтауға баулуда мәдени-танымдық сабақтарды ұйымдастырудың тәрбиелік, танымдық мәні зор.

Департамент ұжымының игі шаралары университет басшылығының тарапынан да әрқашанда қолдау табады. Ұлттық болмысымызды, дәстүрлі мәдениетімізді таныстыру мақсатында табиғат аумағына, мұражайларға, мәдени орталықтарға саяхаттар, мәдени-танымдық сабақтар ұйымдастырылды.

2012 жылы сәуір айында «Сұңқар» саяткерлік орталығына саяхатқа шетелдік студенттер мен қазақстандық жастарын департамент пен кафедра ұжымы бірлесе отырып ұйымдастырып, қазақтың рухының, ұлттық болмысының негізі - қазақтың құсбегілік өнерімен таныстырды.

Танымдық-тәрбиелік мәні зор осындай мәдени-танымдық сабақтарды ұйымдастырудың маңызы зор студенттерге ұлттық құндылықтарымызды құрметтеуге баулуда атқаратын рөлі маңызды екенін айтқанымыз өте орынды.

**Т.А.Базарбаева, А.К. Таныбаева**

## **ЖАСТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕСІ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ НЕГІЗІ**

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» деп халқына, жастарға сенім арта отырып, 2013 жылы «жасыл көпір» халықаралық ұйымын құруды, сонымен қатар жастардың маңындағы төрт серіктес қалада «Green 4» жобасын іске асыруды ұсынды. Елдің дамуының «жасыл» жолына көшуіне алда тұрған «ЭКСПО-2017» ғылым және техниканың үздік жетістіктері ұсынылып, ол бізге қуатты серпіліс беретініне сенімді.

Президентіміздің жыл сайынғы жолдауынан біз бүгінгі жастардың халқымыздың қазіргі заманда жаңаша ойлап, еркін қозғалатын күш екенін білеміз. Біздің жастар оқу, жаңа білім, заманауи технологиялар, күнделікті өмірде өз білімдері мен жаңа технологияларды қолдана білуі тиіс. Біз осыған қол жеткізетін мүмкіншіліктер жасап, қолайлы жағдай тудыруымыз керек делінген [1].

Осы бағытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ алдыңғы қатарда және нәтижелі жұмыс атқаруда. Осының дәлелі ретінде университетіміздегі құрылған куратор эдвайзерлер мектебін айтсақ болады. Осы орталықтың негізгі қызметі тәрбие жұмыстарына бағдар бере отырып, әр түрлі тәрбиелік мәні бар бағыттарды пайдалана отырып, тек өз саласының маманын ғана қалыптастырмай, өз елінің патриотын тәрбиелеу. Бүгінгі заманымыздың басымдылығымыздың бірі - жастардың экологиялық тәрбиесі.

ҚазҰУ-да экологиялық тәрбиенің ажырамас бөліктерінің бірі болатын бірнеше бағыттар қызмет атқаруда. Айналанды нұрландыр, Гринкампус қозғалысы, «культ здорового тела», «Экологиялық ҚазҰУ» конкурсы – аталған шаралар жастардың экологиялық санасын қалыптастыруға және тәрбиесіне арналған.

Экологиялық тәрбиенің маңызы, оның міндеттерімен анықтала отырып санада қалыптастыру міндет:

- табиғатпен тілдесуге құштарлық, оның құбылыстары мен заңдылықтарын түсінуге қызығушылық;
- табиғаттың дара құндылық екенін сезінетін ұстаным мен шаруашылықтағы себептері;
- табиғатты қорғау керектігіндегі, өзінің және қоғам денсаулығын сақтау көзқарасы;
- табиғатты зерттеу және қорғаудағы практикалық іс шараларға қатысу мұқтажы, экологиялық білімді насихаттау.

Экологиялық білім табиғат туралы білімді қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың үйлесімді қарым қатынаста болу шарттарын қарастыруға негізделген. Экологиялық тәрбие бұл жалпы тәрбие жүйесіндегі негізгі бөліктің бірі, сондықтан экологиялық тәрбиенің маңызын ашуда жалпы тәрбиелеу теориясының негізгі әдістерін қарастыруға болады.

Жастардың экологиялық тәрбиесі төңірегіндегі негізгі бағыттарды, бүгінгі күннің өзгерістерін ескере, мақсат пен қарама қайшылықтарды анықтай отырып, қазіргі педагогикалық ғылымдағы тәрбие бойынша әдістерді саралау барысында жастардың экологиялық тәрбиесінің негізгі бағыттарын айқындауға болады.

Қазіргі уақытта экологиялық тәрбиені табиғат қорғау жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастыруға болмайды, бұл өркениетіміздің болашақ деңгейіндегі міндеттерді шешетін тұлғаны

калыптастырудағы қажетті компоненттің бірі. Сондықтан экологиялық тәрбиеге қоғамдық беріледі. Экологиялық тәрбиенің маңызын, барлық жүйеге негізі болатын келесі категория арқылы анықтауға болады: әлемдік көзқарас - құндылықтар - қарым-қатынас – іс-қимыл.

Әр бөлік өз тарапында белгілі бір қызметті атқарады, бірақ олар өзара тығыз байланыста болуға экологиялық тәрбие беру процесін ұйымдастыру барысында әрекетке түседі.

Экологиялық тәрбие беру нәтижесінде тұлға санасында жаратылыстану және гуманитар білім арқасында қалыптасқан экологиялық әлемдік көзқарас, оның табиғат пен адамның етене екендігін білдіретін терең ой мен ұстаным орын алу керек.

Біздің ойымызша экологиялық тәрбие беру нәтижесінде қоғам мен табиғаттың үйлесімді қарым-қатынаста болу қажеттігін қалыптастыратын түсінік әлеуметтік тәртіптің нығыз болуына әкеледі.

Экологиялық әлемдік көзқарас экологиялық тәрбиеде өзекті ұстаным мен әдістердің негізін құрайды. Ол құндылықтар жүйесін анықтай отырып, осыған сай табиғатқа, адамға, қоғамға қарым-қатынас пен іс-қимылдарды айқындайды.

Сонымен, экологиялық тәрбие беру жеке тұлғадан бастап экологиялық мәдениет, құндылықтар табиғатқа, адамдарға деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған мақсатты көздей отырып, біздің іс-әрекетіміздің түбінде экологиялық көзқарастың тұрақталуы қажет.

География және табиғатты пайдалану факультетінің энергоэкология кафедрасында экологиялық студенттермен кураторлық сағаттан бастап, жалпы университет аймағында экологиялық тәрбие бағытында әртүрлі іс-шаралар жүргізіледі.

2011 жылдың 22 қазанында алғаш рет біздің университетіміздің география және табиғатты пайдалану факультетінің энергоэкология кафедрасында «ЭКОспецназ» атты жоба бастамасын іске асырды. Осы жоба барысында Қазақ ұлттық университеті қалашығында қағаз, шыны, органикалық қалдықтар, пластик және т.б. қатты тұрмыстық қалдықтарды саралап жинау жүзеге асырылуда. Экологиялық студенттер Алматы қаласында қатты тұрмыстық қалдықтардың жиналып қалу мәселелерін шешу бағытталған.

Қазақстан бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу 5 пайызға құрама Алматының өзінде күніне шамамен 1300 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылады. Осы қалдықтарды жинайтын Қарасай полигоны толып тұр. Осыған байланысты бұл жоба Алматы және де Қазақстан бойынша өзекті болып табылады.

Сол себепті ҚазҰУ-да заманауи экоинновацияда тұрмыстық қатты қалдықтарды итер-ақ жастардың экологиялық тәрбиесі жобасын іске асыру нақты үлгі болып отыр.

Сонымен қоса «Қазақстанның ауылдық аймақтарында инновациялық табиғи технологиялар енгізу», «ҚР территориясында альтернативті энергия көздерін қолдану», «Экологиялық индустриализацияландыруда жаңартылмалы энергия көздерінің рөлі» және т.б. тақырыптағы жобалар дәрістер жүргізіледі. Эколог студенттер өздері өткізетін акцияға ғана емес, сонымен қатар Алматы қаласының Әкімдігі өткізетін іс-шараларға қатысады.

Кеңінен қолданыс тапқан акциялар:

- «Таза өзендер – таза жағалаулар»;
- «Біз таза ауа үшін»;
- «Экоспецназ»;
- «Жер –бізге және ұрпаққа».

Кафедрада «Энергоэколог» және «Құтқарушы» деген екі клуб жұмыс істейді. Олардың негізгі мақсаты экологиялық тәрбие мен экологиялық ойлау және экологиялық мәдениеттілікті дағдыландыру.

Қазіргі заман жағдайында адамгершілік сипаттағы «қоғам-табиғат» қатынас жүйесін деңгейде қозғайтын ғаламдық мәселелер, ақиқат шындықпен байланыста талдана келе, жаһанды түрде ойлау және әрекет жасау қажеттігі жоғарылап отыр. Қазіргі кезде экологиялық тәрбие беру мәселесі барлық жерде қарастырылуы тиіс, ол дегеніміз тек ұйымдар және шаралар өткізу емес. Жастарымыздың келешегін ойлау, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, келер ұрпаққа қажетті мақсатында үздіксіз білім беру.

Болашақта кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер ұжымы «Экологиялық көпір» халықаралық ұйымын құруда және «ЭКСПО-2017» жобаларын іске асыруға қатысуда.

Қорыта келе Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Біз бәріміз бір атанып - бір халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу - ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниесіз біз бір ғана Отанымыз бар, ол -тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Жаңа Ел» етуді мұрат қылдық» деген сөздерінен біздің мемлекетіміздің әр жерін, әр бұрышын

жүзеге айналдыруға бағытталған максатын жүзеге асыру үшін дер кезінде экологиялық мәдениетті, табиғатқа деген эстетикалық қарым-қатынасты қалыптастыру, сонымен қатар табиғатқа деген жауапкершілікті және сүйіспеншілікті арттыру қажет. Толық әсерге тек экологиялық мінез-құлығы және сана-сезімі жас адамның жалпы мәдениетінің құрамды бөлігі болған жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – «Қазақстан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 ж.

**А.К.Байшукурова, К.Е.Басыбекова, Д.Д.Дуйсенбеков, Н.К.Сатыбалдина**

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА В ОБРАЗОВАНИИ**

Когда мы говорим о психологической составляющей компетентностного подхода в образовании, то, в первую очередь, имеем в виду процесс формирования ключевых компетенций – готовности использовать усвоенные знания, умения и способы деятельности в реальной жизни для решения практических задач. Конкурентоспособность современного специалиста зависит от его возможности овладеть новыми технологиями, иностранными языками и адаптироваться к изменяющимся социально-экономическим условиям. Запросам современности соответствует идея компетентностно-ориентированного образования, предполагающая результатом образования не традиционную систему знаний, умений и навыков, а набор заявленных государством ключевых компетенций в интеллектуальной, общественно-политической, коммуникационной, информационной сферах. Поэтому ключевые компетентности являются важнейшими для жизни в современном мире [1].

Выделяют семь ключевых образовательных компетенций:

1. Ценностно-смысловая компетенция. Относится к сфере мировоззрения, связана с ценностными представлениями личности, способностью видеть и понимать окружающий мир, ориентироваться в нём, осознавать свою роль и предназначение, уметь выбирать целевые и смысловые установки для своих действий и поступков, принимать решения. От неё зависит индивидуальная образовательная траектория обучающегося и программа его жизнедеятельности в целом.

2. Общекультурная компетенция. Это особенности национальной и общечеловеческой культуры, духовно-нравственные основы жизни человека и человечества, отдельных народов, культурологические основы семейных, социальных, общественных явлений и традиций, роль науки и религии в жизни человека, их влияние на мир, компетенции в бытовой и культурно - досуговой сфере, например, владение эффективными способами организации свободного времени.

3. Учебно-познавательная компетенция. Это совокупность компетенций в сфере самостоятельной познавательной деятельности, включающей элементы логической, методологической, общеучебной деятельности, соотносённой с реальными познаваемыми объектами. Сюда входят знания и умения целеполагания, планирования, анализа, рефлексии, самооценки учебно-познавательной деятельности. В рамках этой компетенции определяются требования соответствующей функциональной грамотности: умение отличать факты от домыслов, владение критическими навыками, использование вероятностных, статистических и иных методов познания.

4. Информационная компетенция. При помощи информационных технологий формируются умения самостоятельно искать, анализировать и отбирать необходимую информацию, организовать, преобразовать, сохранить и передать её. Эта компетенция обеспечивает навыки деятельности с информацией, содержащейся в учебных предметах и образовательных областях, а также в окружающем мире.

5. Коммуникативная компетенция включает знание необходимых языков, способы взаимодействия с окружающими людьми и событиями, навыки работы в группе, владение различными социальными ролями в коллективе. Умение представить себя, написать письмо, анкету, заявление, задать вопрос, вести дискуссию и др.

6. Социально-трудовая компетенция означает владение знанием и опытом в гражданско-общественной деятельности (выполнение роли гражданина, наблюдателя, избирателя, представителя), в социально-трудовой сфере (права потребителя, покупателя, клиента, производителя), в области семейных отношений и обязанностей, в вопросах экономики и права, в